

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## «Көңілді сайқымазақ»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
29.10.2019СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/62021/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Білім беру саласы:** «Таным»**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** «КМҰҚ»**Тақырыбы:** «Көңілді сайқымазақ»**Мақсаты:** Балаларды ұзын, қысқа, ұзындықтары бірдей сөздерін пайдаланып, ұзындықтары бойынша екі затты салыстыру әдістерімен таныстыру.**Дидактикалық ойын:** «Пішінді ата»

Мақсаты: Шаршы, дөңгелек геометриялық пішіндерді бекіту.

**Дидактикалық ойын:** «Сенде соны көрсет»

Мақсаты: Тәрбиеші көрсеткен геометриялық пішіндерді (шаршы, дөңгелек) тез тауып көрсетіп, оның пішінін атауға үйрету.

**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап, тосын сәт**Көрнекі құралдар:** сиқырлы қорапша, үш түсті, ұзындықтары әртүрлі ленталар.**Үлестірмелі құралдар:** пішіндер (шаршы, дөңгелек).**Әрекет кезеңдері**  
**Мотивациялық**  
**қозғаушы****Тәрбиешінің іс-әрекеті**  
Балаларды оқу қызметіне ұйымдастыру.  
Тосын сәт: Сайқымазақ кіреді.**Балалардың іс-әрекеті**  
Сайқымазақтың не үшін  
келгенін білгісі келеді.

**Ұйымдастыру-  
іздістіру**

Сайқымазақ:

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен түрлі сиқырлар жасағанды жақсы көремін. Менің қолымда сиқырлы қорапша бар. Егер сиқырлы қорапшаға үрлесе, ғажайып сиқырлар болады. Қане, сен үпірші.

— Балалар, сиқырлы қорапшадан нелер шықты?

Ленталардың ұзындықтарын беттестіру арқылы өлшейміз..

— Ұзындықтары қандай?

— Қайсы лента ұзын? .

— Қайсысы қысқа?

— Міне біз ұзын-қысқаны салыстыру арқылы білдік.

— Мына лентаның түсі қандай?

— Енді сары мен жасыл ленталарды салыстырайық.

— Ұзындықтары қандай?

Дұрыс айтасыңдар, себебі екі лентаның да ұшта-ры бірдей болып тұр. Бұларды біз «ұзындықтары бірдей» дейміз.

**Сергіту сәті:**

Бала-бала балақан,

Қане қайсы алақан.

Саусақтарың әйбат,

Былай- былай ойнат.

**Дидактикалық ойын: «Сенде соны көрсет»**

**Ойынның шарты:** балаларға шаршы, дөңгелек пішіндері таратылады.

Сайқымазақ қорапшадан алып көрсеткен пішінді балалар тез алдарынан тауып, көрсетеді және атайды.

Сайқымазақ:

— Балалар, сендер көп білетін, тапқыр балалар екенсіңдер. Рахмет.

— Сайқымазақ біздерге не көрсеті?

— Ұзындықтары қандай?

— Қайсы лента ұзын?

— Ленталардың түстері қандай?

— Дұрыс айтасыңдар, балалар, жарайсыңдар.

Балаларды мадақтау.

Сайқымазақпен амандасады. Сиқырлы қорапшада не бар екенін білгісі келеді.

Балалар қорапшаны үрлеген кезде түрлі-түсті (қызыл, жасыл, сары)

ленталар шығады.

— Ленталар шықты.

— Әр түрлі

— Қызыл лента.

— Сары лента.

— Жасыл.

— Екі лентаның ұзындықтары бірдей.

Сергіту сәтін орындайды.

Пішіндерді көрсетеді.

**Рефлексивті  
түзетушілік**

— Сиқыр көрсетті. Қорапшадан ленталар шықты.

-Әр түрлі.

— Қызыл лента ұзын.

— Қызыл, сары, жасыл.

**Күтілетін**

**нәтиже:**

**Білу керек:** Балаларды ұзындықтары ұзын, қысқа, ұзындықтары бірдей сөздерін пайдалану.

**Болу керек:** Баланың қызығушылығы болуы керек

**Баланың қолынан келу керек:** Заттарды беттестіріп ұзындықтарын өлшеу, пішіндерді танып біледі.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.